

ISSN 2523-4684

e-ISSN 2791-1241

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ
ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми
журналы

scientific
journal

научный
журнал

ARTS ACADEMY

4 (12) 2024

Желтоқсан 2024

Desember 2024

Декабрь 2024

2022 жылдың наурыз
айынан шыға бастады
published since March 2022
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады
published 4 times a year
выходит 4 раза в год

Астана қаласы

Астана city

город Астана

Редакциялық алқаның төрайымы

Нүсіпжанова Б.Н. - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Қазақстан)

Редакциялық алқа

А.К. Кульбекова - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Қазақстан)

Г.Ю. Саитова - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Қазақстан)

Т.О. Ізім - өнертану кандидаты, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Қазақстан)

Г.Т. Джумасейтова - өнертану кандидаты, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Қазақстан)

А.В. Фомкин - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Фомкин балет академиясы (АҚШ)

А. Уайан - профессор, өнертану докторы, Денпасар өнер институтының ректоры (Индонезия)

Б. Ксёнжекевич - ғылым докторы, профессор, Фредерик Шопен атындағы Музыка университетінің би кафедрасының меңгерушісі (Польша)

Е. Таптыгова - PhD, Баку хореография академиясы (Әзербайжан)

Е.Н. Дулова - өнертану докторы, профессор, Беларусь мемлекеттік музыка академиясы (Беларусь)

К.Б. Акилова - өнертану докторы, профессор, Бекзод атындағы өнер және дизайн институты (Өзбекстан)

Б.И. Кривиradeва - PhD докторы, доцент, Климент Охридский атындағы София университеті (Болгария)

И. Дзагания - филология ғылымдарының докторы, профессор, Сухум мемлекеттік университеті (Грузия)

Бас редактор

Толысбаева Ж.Ж. - Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық хореография академиясы (Қазақстан)

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген № KZ77VPY00045494 куәлік.**

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 43/1, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2024

Chairman of the Editorial Board

- B.N. Nusipzhanova** - Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Academy of Choreography (Kazakhstan)

Editorial Board

- A.K. Kulbekova** - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Academy of Choreography (Kazakhstan)
- G.Yu. Saitova** - Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan, Kazakh National Academy of Choreography (Kazakhstan)
- T.O. Izim** - Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR, Kazakh National Academy of Choreography (Kazakhstan)
- G.T. Zhumaseitova** - Candidate of Art History, Professor, Kazakh National Academy of Choreography (Kazakhstan)
- A.V. Fomkin** - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Fomkin Ballet Academy (USA)
- A. Wayan** - Professor, Doctor of Art History, Rector of the Indonesian Institute of Arts Denpasar (Indonesia)
- B. Książkiewicz** - Doctor of Sciences, Professor, Head of the Dance Department, Fryderyk Chopin University of Music (Poland)
- E. Taptigova** - PhD, Baku Academy of Choreography (Azerbaijan)
- E.N. Dulova** - Doctor of Art Studies, Professor, Belarusian State Academy of Music (Belarus)
- K.B. Akilova** - Doctor of Art Studies, Professor, Bekzod Institute of Art and Design (Uzbekistan)
- B.I. Kriviradeva** - PhD, Associate Professor, Sofia University "St. Kliment Ohridski" (Bulgaria)
- I. Dzaganiya** - Doctor of Philological Sciences, Professor, Sukhum State University (Georgia)

Editor-in-Chief

- Zh.Zh. Tolysbaeva** - Doctor of Philology, Professor, Kazakh National Academy of Choreography (Kazakhstan)

Executive editor: **Zhunussov S.K.**

Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography

ISSN 2523-4684

e ISSN 2791-1241

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 43/1, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© Kazakh National Academy of Choreography, 2024

Председатель редакционной коллегии

Б.Н. Нусипжанова - Заслуженный деятель Республики Казахстан, кандидат педагогических наук, профессор, Казахская национальная академия хореографии (Казахстан)

Редакционная коллегия

А.К. Кульбекова - доктор педагогических наук, профессор, Казахская национальная академия хореографии (Казахстан)

Г.Ю. Саитова - кандидат искусствоведения, профессор, заслуженный деятель Республики Казахстан, Казахская национальная академия хореографии (Казахстан)

Т.О. Ізім - кандидат искусствоведения, профессор, заслуженный деятель Казахской ССР, Казахская национальная академия хореографии (Казахстан)

Г.Т. Джумасейтова - кандидат искусствоведения, профессор, Казахская национальная академия хореографии (Казахстан)

А.В. Фомкин - кандидат педагогических наук, доцент, Академия балета Фомкина (США)

А. Уайан - профессор, доктор искусствоведения, ректор Института искусств Денпасара (Индонезия)

Б. Ксёнжкевич - доктор наук, профессор, заведующий кафедрой танца Варшавского университета музыки имени Фредерика Шопена (Польша)

Е. Таптыгова - доктор философии (PhD), Бакинская академия хореографии (Азербайджан)

Е.Н. Дулова - доктор искусствоведения, профессор, Белорусская государственная академия музыки (Беларусь)

К.Б. Акилова - доктор искусствоведения, профессор, Институт искусства и дизайна имени Бекзода (Узбекистан)

Б.И. Кривиradeва - кандидат наук (PhD), доцент, Софийский университет имени Климента Охридского (Болгария)

И. Дзагания - доктор филологических наук, профессор, Сухумский государственный университет (Грузия)

Главный редактор

Ж.Ж. Толысбаева - доктор филологических наук, профессор, Казахская национальная академия хореографии (Казахстан)

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.

ISSN 2523-4684

е ISSN 2791-1241

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан **№ KZ77VPY00045494, выданное 02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Астана, пр. Ұлы Дала, 43/1, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

MPHTI 18.41.01

DOI:10.56032/2523-4684.2024.4.12.44

ӘОЖ 786.2

ORCID 0009-0003-1133-556X

E-mail: sharifa-123@mail.ru

Ш.Т. Есиркепова¹

*¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)*

ФОРТЕПИАНО АСПАБЫНАН ОҚУШЫНЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒЫНАН САХНАҒА ДАЙЫНДАУ

Аннотация

Бұл мақалада қазіргі таңда фортепиано аспабында оқушының тыңдармандар алдында үлкен шеберлікпен орындап, нақты жетілдіріп, өзін дұрыс ұстап, сол оқушыны психологиялық жағынан концерттік сахнаға дайындау мәселесі қарастырылады. Мақаланың өзектілігі қазіргі кезде көп оқушылардың ұзақ уақыт дайындалуларына қарамастан сахнаға шығуға дайын болмауы, қобалжып, орындаған жағдайда қорқыңқырайды да, кейбіреулері стресс және психологиялық жарақат алу болып табылады.

Бұл мәселе автордың педагогикалық сабақ беру тәжірибесінен келіп шыққан. Сол үшін осы мақалада оқушымен бірге жұмыс жасау әдістері, психологиялық мәселелерді шешу амалдары қарастырылады.

Түйінді сөздер: сахна, көпшілік, тыңдармандар, оқушы, оқытушы, орындау, психологиялық, фортепиано.

Ш.Т. Есиркепова¹

*¹Казахская Национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)*

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА УЧЕНИКА К ПУБЛИЧНОМУ ВЫСТУПЛЕНИЮ НА ИНСТРУМЕНТЕ ФОРТЕПИАНО

Аннотация

В этой статье рассматривается проблема психологической подготовки ученика к концертным выступлениям на сцене, где, играя на фортепиано, ученик может держать себя перед публикой и показывать владение мастерством исполнения музыкального произведения. Актуальность данной статьи заключается в том, что в настоящее время многие ученики несмотря на длительный период обучения игре на фортепиано, не готовы к публичному выступлению, волнение и переживания мешают им правильно исполнить знакомый текст, в результате чего ребенок получает стресс и психологическую травму.

Этот вопрос исходит из педагогического опыта преподавания самого автора. Соответственно, в статье описываются апробированные методы работы с учеником, предлагаются пути решения в преодолении психологических проблем.

Ключевые слова: сцена, публика, слушатели, ученик, преподаватель, исполнение, психологический, фортепиано.

Sh. T. Yessirkepova¹

¹Kazakh National Academy of choreography
(Astana, Kazakhstan)

PSYCHOLOGICAL PREPARATION OF A STUDENT FOR PUBLIC PERFORMANCE ON A PIANO INSTRUMENT

Annotation

This article examines the problem of psychological preparation of a student for concert performances on stage, where playing the piano, the student can hold himself in front of the audience and show mastery of the performance of a musical work. The relevance of this article lies in the fact that currently many students, despite a long period of learning to play the piano, are not ready for public speaking, excitement and worries prevent them from correctly performing a familiar text, as a result of which the child receives stress and psychological trauma.

This question comes from the pedagogical experience of teaching the author himself. Accordingly, the article describes the methods of working with the textbook, suggests ways to solve psychological problems.

Key words: stage, audience, listeners, student, teacher, performance, psychological, piano.

Кіріспе. Қазіргі уақытта барлық өнер оқу орындарында емтихандар, концерттер және түрлі

байқаулар жиі өткізіледі. Оқушыларды бала кезінен сахнаға дайындау және тыңдармандар алдында жауапкершілік сезімін қалыптастыру – өте күрделі процесс. Оқушының сахнада өз өнерін сәтті көрсетуі оның психологиялық жағдайына тікелей әсер етеді және көптеген қиындықтар туғызуы мүмкін (Мамонтова 2015).

Зерттеудің *өзектілігі* мен *маңыздылығы* – оқушыны психологиялық тұрғыдан сахнаға дайындап, оның кәсіби еңбегінен қанағат алуға көмектесу. Бұл процестің негізгі мақсаты – сыныпта оқытушы мен оқушының бірлескен еңбегінің нәтижелерін көпшілікке таныстырып, оқушыға кәсіби деңгейде қолдау көрсету. Мұндай қолдау оқушының сахна алдындағы қорқынышын жеңуге, табысты орындауға деген ұмтылысын арттыруға, сахнада өзін сенімді ұстауына және жауапкершілігін сезінуіне ықпал етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің әдістемелік негізі ретінде бірнеше тәсіл қолданылды:

- *Сипаттамалық әдіс* оқушының психологиялық дайындығының маңыздылығын талдау және осы үдерістің негізгі ерекшеліктерін сипаттауға бағытталды. Бұл әдіс оқушының сахна алдындағы эмоционалдық және физикалық күйін терең түсінуге мүмкіндік береді.

- *Талдау және жалпылау әдістері* оқушылардың сахнаға шығу кезіндегі тәжірибелерін, қиыншылықтарын және жетістіктерін қарастыру үшін пайдаланылды. Әдебиеттерді зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді салыстыру арқылы оқытушы мен оқушының арасындағы өзара әрекеттестік талданды.

- *Эксперименттік әдіс* зерттеу барысында оқушылармен жүргізілген практикалық жұмысқа негізделді. Эксперимент шеңберінде әртүрлі деңгейдегі шығармалар таңдалып, олардың орындалу сапасы мен оқушылардың психологиялық күйіне әсері зерттелді.

- *Бақылау әдісі* арқылы оқушылардың дайындық және орындау барысындағы мінез-құлықтары, эмоционалдық өзгерістері, сондай-ақ

олардың шығармашылық даму процесі жүйелі түрде қадағаланды.

- *Сауалнамалық және сұхбаттық әдістер* оқушылар мен оқытушылардың пікірлерін жинау арқылы оқыту мен дайындау үдерісіндегі негізгі мәселелерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеу материалдары ретінде психология және педагогика саласындағы отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, сахнаға дайындық және орындаушылық шеберлік бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, әртүрлі деңгейдегі музыкалық шығармалар және жасөспірімдерге арналған бағдарламалар мен оқулықтар пайдаланылды. Осы әдістердің кешенді қолданылуының арқасында оқушылардың сахна алдындағы психологиялық және кәсіби дайындығын жақсартудың тиімді жолдарын анықтауға қол жеткізілді.

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу.

Мақалада қарастырылған мәселелерді талдай отырып, М. Блинованың «Музыкальное творчество и закономерности высшей нервной системы» (Блинова 1974) атты еңбегінде әлеуметтік орта мәселелерін ғана емес, сонымен қатар адамның анатомиялық ерекшеліктерін, оның ішінде ми қызметі мен жүйке жүйесінің физиологиялық белсенділігін зерттеуге рекше назар аударылған.

Ал И. Гофманның «Фортепианная игра» (Гофман 1961) кітабында фортепиано аспабы бойынша оқушыны кәсіби деңгейде сахнаға дайындау жолдары, қолды дұрыс қою әдістері, музыкалық теорияларды терең түсіну, сондай-ақ бароккодан романтизм дәуіріне дейінгі белгілі композиторлардың шығармаларын талдау тәсілдері сипатталған.

Сонымен бірге, Литвиненко Ю.А. (Литвиненко 2010) оқу құралынан, Федосимова О.Г. (Федосимова 2011), Мамонтова И.И. (Мамонтова 2015) Старкова Л.С. (Старкова 2019), сонымен қатар шет ел мамандарының еңбектерінен Сусан Х., Эвангелиус Х. (Сусан, Эвангелиус 2022), Хачатурян Д. (Хачатурян 2023), Андреас К.Л., Эрикссон К.А. (Андреас, Эрикссон 1998), Миклашевский К. (Миклашевский 1989) және тағы

басқа мектеп оқытушыларының әдістемелік еңбектері мен әртүрлі газет-журналдарда жарияланған материалдар да зерттеу үшін маңызды дереккөздер болды. Бұл әдебиеттер оқушылардың сахнаға психологиялық және техникалық дайындығын жақсартуға арналған әдіс-тәсілдерді айқындауда маңызды рөл атқарды.

Зерттеу нәтижелері. Қазіргі таңда көптеген жас мамандар оқушыларға күрделі шығармаларды ұсынып, сахнаға немесе емтихандарға шыққанда олардың физикалық және психологиялық күйзелісіне жол береді. Оқушының музыкалық шығарманы дұрыс орындай алмауы физикалық тұрғыдан әлсіздік тудырып, психологиялық стреске ұшыратуы мүмкін, бұл өз кезегінде жүйке күйзелісіне және жылауға әкеледі (Федосимова 2011). Осыған қарсы, кейде оқушыларға тым жеңіл әрі техникалық қиындықтары жоқ шығармалар ұсынылып, олардың оқу үрдісі жеңілдетіледі, бірақ бұл оқушының орындаушылық қызығушылығын жоғалтуға әкеледі.

Сахнаға, емтиханға, концерттерге, конкурстарға және т.б. көпшілік алдында үлкен жауапкершілікпен дұрыс орындауы үшін оқытушы оқушыға ең әуелден дұрыс, қолжетімді бағдарламаны таңдап, немесе оқытушының орындай алатын, күші жететін, техникалық мүмкіндігін көріп, оқушының ойнау қабілетіне, деңгейіне қарап шығарма беруі керек. Бұл ең әуелгі мақсат болып табылады.

Бұл факторлардың барлығы орындаушылық қабілетке тікелей әсер етеді. Оқушының сахнада өзін дұрыс ұстай білуі, шығармаларды дәл және сенімді орындауы, бірінші кезекте оның физикалық және жүйке денсаулығына, жалпы мәдени және интеллектуалдық деңгейіне байланысты. Сонымен қатар, музыкаға үйрету әдістері маңызды рөл атқарады, өйткені олар оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Көпшілік алдында шығарманы фортепиано аспабында үлкен жауапкершілікпен орындау *мақсаты* өзімен бірге төмендегі қабілеттерді талап етеді:

- музыкалық ойлау

- музыканы тыңдау және қабылдау
- музыкалық есте сақтау
- саусақтарының қозғалыс қабілеті
- оқытушының оқушыны қадағалауы

Оқушыны сахнаға дұрыс дайындау үшін бірнеше жолды қолдануға болады. Олардың арасында: оқытушының оқушыға ноталарды дауыстап санап үйретуі, рояльдың қасында дұрыс отыруды үйрету, концерт алдында бірнеше рет репетиция жасау, психологиялық тәсілдер (оқытушының оқушыға «қорықпа», «барлығы дұрыс, тек музыканы ойла», «музыканы ішіңнен әндет», «ноталарды сана» деген қолдау сөздері), тактильдік қатынас (сахнаға шығар алдында оқытушының қолын ұстау немесе сахнадан бұрын суық қолын жылыту) және т.б. Бұл тәсілдер оқушының сахнаға деген сенімділігін арттыруға және оның орындаушылық қабілетін жақсартуға көмектеседі.

Сахнада қобалжымай, сенімді орындау үшін бірнеше *эксперименттік* әдістерді қолдануға болады, мысалы:

1) Көзді жұмып ойнау немесе ойламаған жерден жарықтықты сөндіру, қараңғы сыныпта ойнау. Бұл әдіс оқушының ішкі музыкалық сезімін, есту қабілетін және ішкі тыңдау қабілетін дамытуға көмектеседі.

2) Әртүрлі дыбыстық кескіндер мен бөгеттер жасау. Мысалы, орындаушының жанына радио немесе басқа алаңдататын музыкалар, дыбыстар қою. Бұл әдіс аспапта ойнап отырған оқушының назарын қатайтып, орындап отырған шығармаға толық шоғырлану арқылы орындауын дамытады.

3) «Қателесу» әдісі. Орындаушы шығарманы орындап отырған кезде біреу оның жанына келіп, «Қане, қателес!» деп алаңдатса, орындаушы сол сөздерге мән бермей, шығарманы өз жолымен орындап жалғастырады. Бұл әдіс орындаушының назарын тек шығармасына ғана шоғырландыруға көмек береді.

Көпшілік алдында қобалжымай, нақты орындау және тыңдармандардың дұрыс қабылдауын қамтамасыз ету үшін, осы әдістердің барлығы

оқушының ойлау, есту, қабылдау қабілеттерінің дамуына және оқытушының психологиялық қолдануына негізделеді. Сондай-ақ, саусақтарды шынықтыру үшін түрлі әдістермен және жаттығуларды қолдану маңызды (Блинова 1974).

А.Щапов оқушыны сахнаға дайындау процесін музыкалық шығарманың үстінен жұмыс жасау барысында бірнеше этапқа бөледі:

- 1) Музыкалық шығармамен танысу;
- 2) «Бөлімдермен» бөліп ойнау, дайындау;
- 3) Музыкалық шығарманы жалпы нығайту;
- 4) Сахнаға дайындау этапы.

Оқушының сахнада орындауына көптеген факторлар әсер етеді, олардың ішінде қолайсыз қоршаған орта, қолайсыз киімдер немесе аяқ киім, залдағы жарық немесе, керісінше, қараңғылық, жақын адамдарының қасында болуы немесе болмауы, оқытушының абайсыздан айтқан дөрекі сөздері, емтихан комиссиясының эмоциялық қадағалауы, қарауы, немесе бұрынғы сәтсіздіктердің есінде қалуы және қорқыныштардың пайда болуы секілді жағдайлар да бар (Литвиненко 2010). Бұл жағдайда кейбір оқушылар сахнаға шығудан қорқып, бас тарта бастайды.

Бұл жерде ерекше атап өту керек, оқушының психологиялық күйін түзету және қорқыныштарды жеңу – оқытушының басты міндеті. Оқытушы тек қана музыкалық білім берумен шектелмейді, ол психолог ретінде оқушының жеке дамуына көмектесіп, оны сахнаға дайындайды. Сонымен қатар, оқушының физиологиялық жағдайы мен психологиялық қабілеттерінің дамуы, жалпы тұлғасының жетілуі де үлкен рөл атқарады.

Бұл жерде оқушының психологиялық дамуы мен сахнаға дайындығына ата-ананың ықпалы ерекше. Ата-аналар өз баласына үлкен жауапкершілікпен, түсіністікпен және қолдаумен қарауы тиіс. Олар баланың өзіне деген сенімділігін арттырып, оны шығармашылық үдерісте қолдайды. Алайда кейбір ата-аналар баласына дөрекі қарап, оның психологиялық жай-күйіне теріс әсерін тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайда баланың мінезі тұйықталып,

сенімсіздігі артып, шығармашылық қабілеттері шектелуі мүмкін. Қазақтың мақал-мәтелдері бұл мәселенің маңыздылығын айқын көрсетеді: «қар қылаумен өседі, бала сылаумен өседі», «таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын», «алдыңғы арбаның доңғалағы қайда жүрсе, соңғы арбаның доңғалағы сонда жүреді», «балаға өз тіліңмен сөйлеме, өз тілімен сөйле», «балаға байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, байқамай шет сөйлесең, көп ішінде өлер».

А. Савшинский өз еңбектерінде эмоционалды оқушыларға сахнада орындау алдында бірнеше күн бойы тыныш өмір салтын ұстанып, шығарманы баяу екпінде орындап, өздеріне артық жүк түсірмеуді ұсынады. Ал, керісінше, инертті және баяу мінезді оқушыларға шығарманы жылдам екпінде орындауға бағытталған қарқынды дайындық қажет екенін айтады. Осыған байланысты жас музыкант-орындаушыларды дамыту процесінде олардың сахнада артистік қабілеттерін қалыптастыру және сахна мәдениетін меңгерту оқытушының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Музыкалық шығармаларды оқушымен жұмыс барысында оқытушы туындыны ең алдымен дұрыс және нақты түсіндіріп, қызықты мысалдар арқылы әңгімелеп, мазмұнын әсерлі жеткізуі тиіс. Сонымен қатар, интеллектуалдық және мәдени тұрғыдан жоғары көзқарас қалыптастыра отырып, оқушының шығарманы терең түсінуіне ықпал етуі қажет. Мұндай тәсілдің нәтижесінде оқушы әр сабаққа қызығушылықпен қатысып, үй тапсырмаларын ықыласпен орындауға ынталанады (Гофман 1961). Тек осындай жағдайда ғана оқытушы мен оқушы арасында нәтижелі педагогикалық байланыс орнайды.

Сахнаға оқушыны дайындау барысында оқытушы ең алдымен музыкалық шығарманың авторы мен композиторы туралы ақпарат беруі тиіс. Бұдан кейін шығарманың техникалық қиыншылықтарын анықтап, оларды еңсеру әдістерін көрсетуі, сонымен қатар музыкалық мазмұнын түсіндіріп, оның құрылымдық бөліктерін атап өтуі қажет. Оқытушы шығарманы дұрыс санау, ырғақты дәл ұстау және туындауы мүмкін

қиындықтарды шешудің тиімді әдістерін контурлық көрсетілімдер арқылы түсіндіруі тиіс.

Сахнада психологиялық қобалжудың себептері мен оны жеңу жолдарына қатысты сұрақтар жиі туындайды. Бұл ретте ең басты себеп – оқушының шығарманы жеткіліксіз дайындауы болып табылады. Оқушыны сахнаға толық дайындалмаған күйде шығаруға болмайды. Орта мектеп оқушыларының көпшілігі шығарманы баяу екпінде дайындалудың орнына, оны жылдам орындауға тырысады, бұл сахнада қобалжу мен сенімсіздікке әкеледі. Соның нәтижесінде орындау барысында мәтінге қатысты қателіктер, белгісіздік, «тоқтап қалу» немесе қиын жерлерді бірнеше рет қайталау секілді әдеттер қалыптасады. Мұндай жағдайларда саусақтардың бақылаудан шығып, өздігінен ойнауы да жиі кездеседі, бұл оқушының қобалжуын одан әрі арттырады.

Мұндай мәселелердің алдын алу үшін оқытушы жас музыканттың денсаулығын, психологиялық жағдайын және әлемге деген көзқарасын жақсы білуі маңызды. Сахнада сәтті және сенімді орындау оқушының өмірінде ерекше жағымды және ұмытылмас әсер қалдырады. Сондықтан оқытушының негізгі мақсаты – оқушының сахнадағы алғашқы тәжірибесінің табысты болуын қамтамасыз ету. Екіншіден, бұл мәселеге қатыстысы – оқушының атқарып, ойнап шығатын залдағы репетициялары (Старкова 2019). Кем дегенде, бұл репетициялар екі-үш рет болуы ықтимал. Оқушыны көптеген амалдармен қолдау керек: ата-аналарының, достарының, туыстарының алдында ойнатқызып көруге болады, жақындарының қолдау сөздерімен де қарастыруға болады. Бұл мәселелердің мақсаты – оқушы өзін сахнада дұрыс эмоциялық, психологиялық дайындығымен шығуы. Оқытушы оқушыға өзінің тыңдармандардың алдында «қорқыныш сезімдерін жеңу», «өзіне сенімді болу», «батыл болу» жағдайын жасап беруі қажет. Нәтижеде, оқушының тағы да басқа концерт, конкурстарда орындап шыққысы келетіндей армандар, мақсаттар, жалпы айтқанда

қызығушылықтар пайда болуы керек (Федосимова 2011).

Үшіншіден, пианистердің сахна алдындағы стресс пен қобалжуды жеңу үшін бірқатар тиімді әдістер бар. Солардың бірі – шығарманы аспапсыз, ойша орындау. Бұл әдістің мәнін қалай түсінеміз? Мысалы, нотаны қарап отырып, шығарманы дирижерлік қимылдармен, сольфеджио түрінде әндетіп, ырғақты қолмен қағып, әуенді интонациялық және динамикалық ерекшеліктерімен, шығарманың мінез-құлқы мен мазмұнына сай алдын ала бейнелеу арқылы ойша орындауға болады. Ең бастысы – «ағашта ойнау» әдісін қолдану, яғни саусақтарды пайдаланып, үстел немесе рояль қақпағында шығарманы бейнелі түрде ойнау. Бұл тәсіл тек саусақтардың техникасын дамытуға ғана емес, сонымен қатар ішкі есту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді.

Төртіншіден, музыкалық шығарманы басынан аяғына дейін үздіксіз орындаудан гөрі, оны бөліп-бөліп, кішкентай бөлімдерден бастап, әсіресе қиын жерлерін қайталап ойнау тиімді. Оқытушы нотадағы интонациялық немесе техникалық қателіктерді анықтап, оларды оқушыға көрсетуі және қарындашпен белгілеп отыруы маңызды.

Бесіншіден, сахнада орындау кезінде оқушының музыкалық фразаларды алдын ала ойша елестетіп, болашақ тактыларды жоспарлауы қажет. Егер оқушы шығарманың құрылымын санасында нақты сақтамаса, орындау барысында шатасу немесе тоқтап қалу қаупі жоғары. Сондықтан сахнада ойнау барысында оқушы ішінен шығарманың әуенін айтып, ырғақты санап, өз-өзіне көмектесіп отыруы тиіс. Қателік болған жағдайда оқытушы оқушыға тоқтап қалмай, көңіл-күйін бұзбай, орындауды әрі қарай жалғастыруды ұсынуы керек.

Талқылау. Мақала тақырыбының өзектілігін ескере отырып, оқушыны сахнаға психологиялық тұрғыдан дайындау мәселесіне тереңірек назар аудару маңызды. Бұл бағытта оқушының психологиялық жағдайын бағалап, ата-аналар мен оқушыларға арналған анкеталық жұмыс жүргізуді

жоспарлауға болады. Мұндай тәсіл проблеманы жан-жақты зерттеуге және оқушыны дайындаудың тиімді әдістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ресей және шетелдік тәжірибелерді салыстырсақ, ресейлік мамандар сахнаға дайындықта көбінесе жаттығу және бірнеше қайталау әдістерін қолданса, шетел мамандары баланың психологиялық ерекшеліктеріне, ми құрылымына, табиғи қабілеттеріне және әлеуметтік жағдайына көбірек назар аударады.

Анкеталық жұмыс – психологиялық-коммуникативтік әдіс

Анкеталық жұмыс – оқушының психологиялық жағдайын анықтауға бағытталған тиімді құрал. Мұндай анкеталар арқылы оқушының өзін-өзі бағалауы, қобалжуының себептері, сахна алдындағы дайындық деңгейі туралы деректер жиналады. Анкеталарды статистикалық (бір реттік) және динамикалық (көп реттік) деп бөлуге болады. Біздің жағдайда, мәселені анықтап, талқылауға мүмкіндік беретін статистикалық анкетаны қолдану ұсынылады.

Анкета сұрақтары үлгісі
Анкетаның тиімділігі үшін сұрақтар оқушының жеке тәжірибесін, сезімдерін және мотивациясын анықтауға бағытталуы керек. Мысалы:

1. Сіз сахнаға шығып, тыңдармандар алдында концерт беруді немесе конкурстарға қатысуды ұнатасыз ба?

2. Теледидардан концерттер көрген соң, сахнаға шығуды армандайсыз ба?

3. Көпшілік алдында өзіңізді қалай сезінесіз? Қолайсыз жағдайлар туындай ма? Неге?

4. Өз ойларыңыз бен сезімдеріңізді басқалармен бөліскенді ұнатасыз ба?

5. Сахнадағы орындауыңызды видеоға түсіріп көрдіңіз бе? Нәтижеге қаншалықты қанағаттанасыз?

6. Сахнада орындауға қатысты қорқыныш сезінесіз бе? Егер бар болса, оның себебі неде?

7. Шығарманы жақсы орындау үшін көп жаттығу қажет екенін түсінесіз бе? Бұл үшін дайынсыз ба?

8. Сахнада шығарманы орындау барысында тоқтап қаламын деп ойлайсыз ба?

9. Концерт немесе конкурс табысты өткен кезде ата-анаңыз сізді қолдай ма?

10. Ата-анаңыздың және жақындарыңыздың пікірлері сіз үшін қаншалықты маңызды?

Анкеталық сұрақтар оқушының сахна алдындағы қобалжуын азайту үшін нақты стратегияларды анықтауға көмектеседі. В.В. Никандров атап өткендей, психологияда анкета әдісі жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін айқындауға бағытталады, ал әлеуметтік және демографиялық ақпарат көмекші рөл атқарады.

Мұндай тәсіл оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес дайындықты жоспарлауға және оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Анкетаның нәтижелері негізінде педагогтар мен ата-аналар бірлесіп жұмыс істей отырып, оқушыны эмоционалды және психологиялық тұрғыдан қолдауға жағдай жасайды.

Қорытынды. Сахнада табысты орындау – шығармашылық еңбектің ерекше түрі. Сахна тіл табысып, қарым-қатынас орнатуды талап ететін ерекше орта болғандықтан, орындаушының дайындық деңгейі, жеке психологиялық жай-күйі және орындаушылық қабілеті аса маңызды рөл атқарады. Сахна 100% дайындықтың тек 50%-ын қабылдайтынын ескерсек, репетицияларда шығарманы толық меңгеру және екі есе артық жұмыс жасау қажет.

Сахнада қобалжуды жеңу мәселесі өзектілігін ешқашан жоғалтпайды және әр орындаушыға ерекше көзқарасты талап етеді. Психологиялық дайындықты күшейту үшін оқушының жеке ерекшеліктерін, оның динамикалық жүйесін және эмоционалды жағдайын зерттеу маңызды (Блинова 1974).

Жоғарыда талқыланған әдебиеттерде келтірілгендей, педагогтар әртүрлі әдістерді қолдана отырып, оқушының сахнаға дайындық деңгейін арттыруға көңіл бөледі. М.Блинова орындаушының жоғары жүйке жүйесінің заңдылықтарын зерттеу қажеттігін атап өткен (Блинова 1974); И.Гофман фортепианода дұрыс отыру, қол қою техникасы және

орындау әдістерінің маңыздылығын сипаттаған (Гофман 1961); И.И.Мамонтова оқу жоспарын, аппликатураны, артикуляцияны, шығарманы талдау мен есте сақтау қабілетін дамытуды маңызды деп көрсеткен (Мамонтова 2015); О.Федосимова мен Л.Старкова педагогикалық көзқарастар мен көпшілік алдында психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудің тиімді әдістерін талдаған (Федосимова 2011; Старкова Л 2019). Шетелдік мамандардың, мысалы, Сусан Х., Эвангелиус Х., Андреас К.Л., Эрикссон К.А. және басқалардың тәжірибесінде, оқушының сахнаға дайындықтағы психологиялық, әлеуметтік және анатомиялық аспектілеріне назар аударылады. Олар позитивтік қарым-қатынасты және оқушының өзін жақсы сезінуін басты орынға қояды (Сусан мен Эвангелиус 2022; Хачатурян 2023; Андреас мен Эрикссон 1998; Миклашевский 1989).

Осылайша, концерттік сахнадағы табысты орындау оқушының психологиялық тұрақтылығына, тәжірибесіне және өзін-өзі дамытуына тікелей байланысты. Оқушының жағымды көңіл-күйін қалыптастыру, өзіне сенімділігін арттыру және сахнаға шығу алдындағы физикалық және эмоционалдық жағдайын жақсарту – табыстың негізгі шарттары. Бұл үшін педагогикалық және психологиялық әдістер кешенін тиімді қолдану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Блинова, М.П. 1974. *Музыкальное творчество и закономерности высшей нервной системы*. Ленинград.
2. Гофман, И. 1961. *Фортепианная игра*. Москва.
3. Литвиненко, Ю.А. 2010. «Педагогические аспекты подготовки учащегося-музыканта к публичному выступлению.» Москва.
4. Федосимова, О.Г. 2011. *Педагогическое сопровождение адаптации учащихся к образовательной среде музыкальной школы*. Чебоксары.
5. Старкова, Л.С. 2019. *Подготовка учащегося к концертному выступлению. Методическая рекомендация*. Сургут.
6. Мамонтова, И.И. 2015. *Подготовка ученика к публичному выступлению*. Стерлитамак.
7. Susan, H., and Evangelios, H. 2022. *The Power of Music:*

Exploration of the Evidence (Сила музыки. Изучение доказательств). Cambridge.

8. Khachatryan, D. 2023. *Psychological Aspects of Stage Performance Art* (Психологические аспекты сценического искусства). Gyumri, Armenia.

9. Андреас, К.Л., and Эрикссон, К.А. 1998. *Подготовка к публичному фортепианному выступлению: связь между практикой и исполнением*. Таллахаси, Флорида.

10. Miklushevsky, K. 1989. *A Case Study of a Pianist Preparing a Musical Performance*. Poland.

References:

1. Blinova, M.P. **1974**. *Musical Creativity and Patterns of the Higher Nervous System*. Leningrad. (In Russ.).

2. Hoffman, I. **1961**. *Piano Playing*. Moscow. (In Russ.).

3. Litvinenko, Yu.A. **2010**. "Pedagogical Aspects of Preparing a Student Musician for Public Performance." Moscow. (In Russ.).

4. Fedosimova, O.G. **2011**. *Pedagogical Support: Adaptation of Students to the Educational Environment of a Music School*. Cheboksary. (In Russ.).

5. Starkova, L.S. **2019**. *Preparing a Student for a Concert Performance: Methodological Recommendation*. Surgut. (In Russ.).

6. Mamontova, I.I. **2015**. *Preparing a Student for Public Speaking*. Sterlitamak. (In Russ.).

7. Susan, H., and Evangelios, H. **2022**. *The Power of Music: Exploration of the Evidence* (Сила музыки. Изучение доказательств). Cambridge. (In Engl.).

8. Khachatryan, D. **2023**. *Psychological Aspects of Stage Performance Art* (Психологические аспекты сценического искусства). Gyumri, Armenia. (In Engl.).

9. Andreas, K.L., and Ericsson, K.A. **1998**. *Preparing for a Public Piano Performance: The Connection between Practice and Performance*. Tallahassee, Florida. (In Engl.).

10. Miklushevsky, K. **1989**. *A Case Study of a Pianist Preparing a Musical Performance*. Poland. (In Russ.).